

650

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

1'2004



ПМУ хабаршысы Вестник ПГУ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ БӨЛІМДЕРДЕ МОДУЛЬМЕН ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Т. Нұрқанова

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті*

Қазақ тілін оқыту әдістемесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі елеулі өзгерістерді нәзік сезініп, оның әрбір отпелі кезеңіне өзінің даму дәрежесін қалайда сәйкестендіріп отырғаны дәлелді қажет етпейтін аксиома. Олай болса, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сәй қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру мәселесі де әр кезеңде өз дәрежесіне сәй сұраныста болды.

Проблема модульного обучения казахскому языку в русско-язычной аудитории Нурканова Жамал Талкановна старший преподаватель Павлодарский государственный университет им. С.Торайғырова.

The teaching of the Kazakh language with the help of modulus in the Russian speaking audience Nurkanova Zhamal Talkanovna head teacher Pavlodar State University named alter S. Toraigyrov.

Развитие методики обучения казахскому языку в русско-язычной аудитории непосредственно связано с изменениями, происходящими в социально-экономической и культурной жизни страны. В связи с этим каждая общественная формация выдвигала свои требования к оптимизации обучения казахскому языку в иноязычной аудитории.

Современная ситуация обнаруживает более широкие потенциальные возможности для оптимизации и повышения результативности обучения казахскому языку студентов русскоязычной аудитории вузов.

Development of the methodology of teaching the Kazakh language at the Russian-speaking audience is connected directly with changes occurring in socioeconomic and cultural life of the country. In this connection, every social formation put forward its requirements to the optimization of teaching the Kazakh language at the Russian-speaking audience.

XX ғасырдың басында ана тілімізді оқытуды жетілдіру, оның сапасын арттыру, ең алдымен, «жаксы методикаға, методикадан хабардар мұғалімге және сапалы оқулық пен оқу құралдарын һәм сайлы болуына байланысты» (А. Байтұрсынұлы) деген қағиданы ұстанған А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Қ. Кеменгерұлы, Қ. Жұбанов, Т. Шонанұлы сияқты біртуар тәлімгер ғалымдарымыздың осы мәселе төңірегіндегі пайымдаулары мен тұжырымдары күні бігінге дейін күндылығын жойған жоқ. Қазіргі уақытта аталған ғалымдардың іргелі еңбектері ана тіліміздің ұлтаралық қатысымдық қызметін көтеру бағытында оны сапалы оқытып үйретудің ұтымды жолдарын іздеп, оқытудың жана технологиясымен айналысып жүрген ғалым-әдіскерлерге таптырмайтын «жол басшы» екені сөзсіз.

Қазіргі уақытта әлеуметтік сұраныс орыс тілді бөлімдердің студенттеріне ана тілімізді оқытып үйретудің қатысымдық жағын күшейту, сөйтіп оны ұлтаралық қатысым құралына айналдыру талабын қойып отыр. Профессор Ф. Ш. Оразбаеваның сөзімен айтқанда, «Қазіргі кезеңде халықаралық байланысты күшті елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді». Ана тіліміздің қоғамдағы қатысымдық қызметінің деңгейін көтеру үшін оны орыс тілді бөлімдердің студенттеріне оқытып үйретудің сапасын арттыру қажет. Бұл жағдай аталған іске жанаша қырынан келу керектігін көрсетеді, жана жолдарын іздеуді талап етеді¹.

Атап айтқанда, ана тілімізді орыс тілді бөлімдерде үйретуді өмір талабын сәйкестендіріп, жанартып отыруды қажет етеді.

Бұл – қазақ тілін сапалы оқыту бағытын (ҚТСО) айқындап, қазіргі заманға сай оның әдістемесінің жаңа моделін жасау қажет деген сөз.

Жоғары айтылғандарды ғылыми түрде қарастыруға мүмкіндік беретін, қазақ тілін сапалы оқыту бағытын айқындайтын жаңа жолдардың бірі-қазақ тілін модуль арқылы оқыту (ҚТМО) әдістемесі деп ойлаймыз.


«Модульмен оқыту» ұғымының этимологиялық мәні халықаралық «модуль» (латынша – *modulus*), яғни білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады.

Модульмен оқыту педагогикаға алғаш рет алпысыншы жылдардың аяғында Америкада (Н.Постлезвейт, Б.Л. және М.Л.Гольдшмид, Дж.Д.Лэнзишр, Д.У.Аллен, Дж.Д. Рассель) енгізілді. Кейін бұрынғы кеңес одағы елдерінде жалпы педагогикада. Сосын жеке әдістеме ілімінде пайда болды. Модуль арқылы оқытуды экспериментті және практикалық түрде тәжірибеде қолдану АҚШ, Батыс Еуропа елдерінің колледждері мен жоғары оқу орындарында, ТМД елдеріндегі жоғары оқу орындарында қазір кеңінен жүзеге асуда.

Қазақ тілін сапалы оқытуды жетістікпен шешу үшін бір-бірімен тығыз байланысты келесі үш нәрсеге:

1. студент-қызмет объектісі;
2. оқытушы іс-әрекеті;
3. оқыту үрдісі

белгілі қимылдар мен амалдар жиынтығы ретіндегі іс-әрекеттің өзі ерекше назар аудару қажеттігі көрсетілген. Ол жұмыста өрнекпен былай беріледі:



Мұнда, С-студент, Оқ- оқытушы, Оү- оқыту үрдісі. Шынында да орыс тілді бөлімдерде қазақ тілін сапалы оқыту осы үшеуінің әрқайсысының нақтылы әрекетінің ең жоғарғы деңгейде айқындауына байланысты. Алдымен, жан-жақты психофизиологиялық зерттеуді қажет ететін – студенттің жеке тұлғасы.

Жалпы студент қауымына тән тілді оқып, үйрену әрекетінің мынадай психологиялық сипаттары: тілді оқуға, үйренуге деген жағымды мативтері, қызығулары; тілді оқып, үйрену мақсаттары мен міндеттерін анықтай алуы; оны орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарды белгілеу; өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі т.б. қалыптасуы тиіс.

Қысқасын айтқанда, осы бағытта олар өз жұмысын жоспарлай білуге дағдылануы тиіс. Тек осындай саналы ұйымдастырылған іс-әрекет, еңбек негізінде ғана орыс тілді бөлімдердің студенттерінің қазақ тілін оқып үйрену әрекетінің психологиясы максатты түрде қалыптасады.

Бұл тұрғыда ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің психиканың қалайша дамып жетілетіндігі жайлы пікірін еске түсіре кетсек артық болмайды. Оның дәлелдеуінше, жан қуаттары өмір барысында, оқу-тәрбие үстінде дамиды. Бұл үшін адамның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды.

Мектеп оқушыларына карағанда, студенттердің оқуға деген жауапкершілігі мен дербестігі басым.

Орыс тілді бөлімдердің студенттеріне қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсат – қоғамдық өмірде, тұрмыста, мамандық саласында оларды қазақша тілдік қатынасқа түсуге үйрету. Ол үшін студенттердің жас және психологиялық ерекшелігін терең, жан-жақты талдау қажет.

Орыс тілді бөлімдерде қазақ тілін оқытып үйрету студенттердің ойлау, ес, зейін сияқты жоғары психикалық процестері дамуының мейлінше биік дәрежеге (сатыға) көтеріліп, ізденушілік іс-әрекетке айналуын талап етеді.

Орыс тілді бөлімдердің студенттері қазақ тілін оқып үйренуге зейін қоймаса, оның нәтижелі болуы қиын. Мәселен, қазақтың талантты ғалымдарының бірі М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» кітабында «зейін» туралы былай дейді: «*«Абай»* дегеніміз - сыртқы дүниедегі бір затқа яки, ішіміздегі бір жан көрінісімізге – ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның тұнуы, нүктеленуі»¹. Автор шәкірттерде зейін даму үшін әсердің күшті, жеке, жана болуын, жана алынған білім мен ескі білімнің байланысуын және оның болашақ әсерге даярлануы талап етеді.

Қазақ топырағында қоғамдық прогресс үшін ғылым-білімнің маңызын ерекше көре² білген ойшыл ғұлама ақын Абай Құнанбаев ес туралы терең де ауқымды тұжырымдар айтып, естің мәнін ашу үшін ерекше «ұмытпастық себептер» деген психологиялық атау енгізілген. Абай осыған орай «Отыз бірінші сөзінде»: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек – деп жазды³.

Ес адамның басқа жан құбылыстарымен де (қабылдау, ойлау, қиял т.б.) тығыз байланысып жатады. Ол, әсіресе, ойлау үшін аса қажет. Мәлімет есте дұрыс ақталмаса, бұл ойлауға қиындық келті-

реді. Ж. Аймауытов болса: «... еске түсіру өнері дегеніміз – ойлау өнері... Байланыстардың мәнісі – ойлау деген сөз» - дейді⁴.

Оқу материалын есте жақсы сақтау үшін мағыналы есте сақтау тәсілдерін пайдаланады. Бұл тәсілдерді студенттерге үйрете отырып, материалды қалай топтастыру, қалай бөлшектеу, бөлшектердің арасын қалай байланыстыру, текст бөлімдеріне тақырып бере отырып, мағыналы тірек пункттерін қалай ерекшелеу қажет екенін көрсету керек. Студенттерге жауап беру жоспарын ойша қалай жасауға болатынын да түсіндіру қажет.

Сабакта оқу материалын мағынасына қарай түсініп, есте қалдыру үлкен орын алғанымен, оларды көпке дейін ұмытпайтындай ету үшін, үнемі қайталап отыру керек.

Ес саналары қайта жаңғыртуда өте айқын көрінеді. Ол есте сақтаудың да, ұстаудың да нәтижесі болып есептеледі. Қайта жаңғырту дегеніміз есте қалғанды жай механикалық қайталау емес. Ол материалды ойша қайта өңдеу, баяндау, оның негізгісін айқындау. Сөзді, меңгерген материалды жаңа қырынан түсініп, ұғыну.

Модульмен оқыту дегеніміз қазақ тілінде өзара тілдік қатынасқа түсу дағдысы мен іскерлігін сапалы қалыптастыру мақсатында жұмсалатын оқытушы мен студенттің, студент пен студенттің, оқытушы мен оқу тобының жасырын ішкі күші мен бірлескен әрекетінің белсенділігін арттыру негізінде тілді сапалы оқыту жүйесі. Яғни, ол екі жақты сұрыпталған және игертуді көздейтін әдістемелік жүйе. Оның белсенділігі мен сапалылығы тұлғаның жеке психологиялық, жеке-даралық мүмкіншіліктерінің ішкі жасырын қорын анықтап, белсенді қолдану нәтижесінде пайда болады.

Қазақ тілін оқытуда белгілі бір әдісті ғана қалауға, ерекше атауға әзірше ешбір негіз жоқ. Себебі тілдік біліктердің барлық түріне (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім, аударма және т.б.) оқытып үйретуде жақсы нәтижеге жететіндігіне кепілдеме берерлік әмбебап әдіс әлі пайда болған жоқ. Міне сондықтан да оқытудың жоғарыда аталған барлық мәлім әдістерінің бүкіл аспектілерін өзінің бойына сіңірген бір-бірін толықтыратын әдістердің жиынтығын жазау, заңды болып саналады.

Нақтылы жағдайда қазақ тілін оқытуды сапаландыру міндеті – шектелуі мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану. Ал бұл әр модульде өзгеріп отыратын оқу жұмысының аспектілері мен жағдайын ескере отырып, белгілі модульдің мақсаты мен міндетін ұтымды шешуді қамтамасыз ететін әдісті немесе әдістер жүйесін таңдау деген сөз.

Қазақ тілін модульмен оқытуда студенттердің білімін бақылау мен бағалаудың рейтинг жүйесін қолдану олардың белгілі мерзімде, белгілі

модуль бойынша меңгерген білім, білік, дағдыларын өлшеу, яғни жетістіктерінің сапалық және сандық сипаттарын әділ, ашық, айқын анықтауға мүмкіндік береді. Студенттер білімінің ұпайлық көрсеткіші, ең алдымен, күрделі психологиялық қызмет атқарады, яғни олардың өз жеке қасиеттері және қажеттілігін тану, өз құндылығын сезіну талабын қанағаттандырады. Сондай-ақ, олардың тілді үйренуге ынталануына жауапкершілік сезімінің тәрбиеленуіне, еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа және ұстамдылығының қалыптасуына, танымдық әрекетінің жандануына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. - Алматы, 1993.
2. Аймауытов Ж. Жинақ // Ғылым - Алматы, 1998.
3. Жумабаев М. Педагогика // Ана тілі – Алматы: 1992. – б. 72.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. - Алматы: РИК –б. 3
5. А. Байтұрсынұлы. «Қай әдіс жақсы»// Жаңа мектеп.
6. К. Жақсылықова. Қазақ тілін сапалы оқытудың кейбір психологиялық аспектілері. – Алматы: 1997. – б. 12-16.